

ХАЛЫҚ ӨНЕРІНДЕГІ АКТЕРЛІК ЭЛЕМЕНТТЕР
THEATRICAL AND ACTOR'S ELEMENTS IN NATIONAL CREATION

Кәрімбек СЕЙТМЕТОВ*
Айткүл СЕЙТМЕТОВА**

Түйіндеме

Мақалада қазақтың кәсіби актерлік өнерінің тууына, қалыптасуына негіз болған халықтың тұрмыс-салтына, әдеп-ғұрыпына байланысты лирикалық өлеңдердің, эпикалық жыр-дастандардың, айтыс өлеңдерінің, шешендік сөз сайыстарының құрылысынан актерлік өнер элементтері айқындалып зерделенген. Актерлік орындаушылық өнер элементтерінің фольклордағы үйлену салтына, жерлеу ғұрыпына байланысты тұрмыс-салт өлеңдеріндегі көріністері айқындалған.

Кілт сөздер: Фольклор, дәстүр, актер, орындаушылық, театр өнері, актерлік өнер.

Summary

Kazakh professional actors were the basis for the formation of the birth of the art of living, a way of ethics-related ғұрыпна questions lyric poetry, epic poetry cycle of poems Oratory, studied acting elements of art defined the construction of the contest. Actor performing arts folklore elements related to the overall tenor of the way of the wedding, funeral defined өлеңдеріндегі scenes of everyday life.

Keywords: Folklore, tradition, actors, theater arts, theater performance, the actor's art.

Адамзат тарихындағы рухани мәдениеттің маңызды саласы - театр сахнасында орындалатын актерлік өнер. Актерлік өнер әлемдегі барлық халықтардың эстетикалық танымының көрсеткіші болып есептеледі. Ахмет Байтұрсынов театр сахнасында өмір шындығының актер өнері арқылы бейнеленуін былайша атап көрсетеді: "Уақиға көз алдында болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір кешкенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап қайратына қарай қару қылып алысқаны, арбағаны, қуанғаны,

* Өнертану ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, Түркістан-Қазақстан.
Candidate of Art Criticism, Professor of K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University. E-mail: seytmetov_karimbek@mail.ru

** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, Түркістан-Қазақстан.
A senior lecturer of the K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University. Turkestan, Kazakhstan. E-mail: aitkul.seitmetova@mail.ru

жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, жауласқаны өмір жүзіндегідей көрініп көз алдыңнан өтеді" [1, 457].

Актерлік – ата-бабалық салт-дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан бастау алатын өнер. М. Әуезов "...театр өнеріне елдің салты, ескі өнері беретін жем өте көп. Біздің елде театр ерте күннен бар болатын" [2, 28], – дейді. Ғасырлар бойы адамдар ұрпақтары орындаушылық өнердің осы түрін ерекше ықыласпен қабылдайды. К.С. Станиславский барлық жастағы актерлер өнерінің адамдарды қоршаған тіршілік тынысымен үндесе – өріліп отыруына ерекше мән береді: "Біздің ісіміз жаратылыстың табиғи заңдары бойынша өмір мен искусствоның біздің көз алдымызда өріс алып келе жатқан эволюциясын шын көңілмен, жақсы ықыласпен бақылап отыру... Актер творчествосының процестері де өзінің табиғи, жаратынды негіздері жағынан қарттар үшін қандай болса жас ұрпақтар үшін де сол күйінде болмақ" [3, 642]. Демек, актерлік өнердің халық этикасы аясында қалыптаса, дами келе өркениеттің даму кезеңдеріне ұласатыны айқындалады.

Актерлік орындаушылық өнер – әлем мәдениетіндегі театрдың пайда болуы мен қалыптасуындағы негізгі арна. Актерлік орындаушылық өнердің тууы мен қалыптасуы дүние жүзі халықтарының фольклорлық ұлттық ойын-сауықтары мен әдет-ғұрып, салт-жырларынан бастау алады. Мысалы, славяндардағы скоморохтар, грузиндердегі берикаоба, өзбектер мен тәжіктердегі масқарампаздар мен қызықшылар – бәрі де халық өнерінің қойнауынан өсіп-өнетін актерлік орындаушылықтың үлгілері. Актерлік – орындаушы мен қабылдаушы қауымның психологиялық байланысын қалыптастыратын өнер. Ежелгі Эллада мәдениетінің қаймағы болған грек театрының репертуарлары халықтың тұрмыс-салтындағы еңбек, шаруашылық кәсіп дәстүрлерін, фольклордағы мифтік сюжеттерді, қанатты сөздерді, ән әуендерін, билерді пайдаланатын болған. Ал, қазақ мәдениетінің қайнар көзі – фольклордағы арналардың актерлік орындаушылық өнерге негіз болғаны – өнердің эстетикалық табиғатын айқындайтын басты ерекшелік.

Қазақ мәдениетіндегі кәсіби актерлік өнердің тууына, қалыптасуына негіз болған халықтық драматургиялық шығармашылықты профессор С. А. Қасқабасов үш топқа саралап, ғылыми жүйелеп, жіктейді: "Бірінші топқа түрлі-түрлі тұрмыстық және шығармашылық әдет-ғұрыптары, үйлену мен жерлеу салты жораларымен қосыла жүретін әр түрлі әрекеттер мен ауызша поэтикалық шығармалар жатады. Оларды біз шартты түрде "халықтық

драматургиялық шығармашылықтың календарлық еңбек және әдет-ғұрып, салт формалары" деп атадық. "Екінші топты әр түрлі рулардан, тайпалардан, аудандардан, аймақтардан көп адам келген халықтық жиындар мен әр қилы салтанаттар кезінде орындалатын сан алуан халық ойындары мен көңіл көтеру сипатындағы көрсетілімдер құрайды. Бұл топ "халықтық драматургиялық шығармашылықтың арнайы көңіл көтеру – ойындық формалары" деп аталады. Ақырында, үшінші топқа сал-серілер аталатын әнші-ақындардың және өнерпаз сауыққой – сайқымазақтардың және жәрмеңкедегі жартылай кәсіби актерлердің, сонымен бірге ХХ ғасыр басындағы ұйымдастырылған алғашқы драмалық үйірмелердің қызметтері де кіреді" [4, 7-8]. Бұл жіктеуден қазақ мәдениетіндегі актерлік өнердің ежелгі бастаулары мен кәсіби даралану, мамандану дәстүр жалғастығы тұрғысында бағалаудың жүйелілігі саралана көрінеді. Актерлік өнердің қазақтың ұлттық мәдениетіндегі бастау көздерін, халықтық негіздерін жан-жақты ашу, айқындау аса маңызды мәселе.

Қай ұлттың өнерін мысалға алсақ та ол өнер ғайыптан, өздігінен көктен түсе қалмайды. Оның туатын, туындайтын орны, ошағы болады. Сол топырақта дүниеге келген өнер белгілі бір шартқа, болмысқа, ұлттық құбылысқа бағынады. Ұлттық өнеріміздің, оның ішіндегі актерлік өнер түрінің дүниеге келу орны – халық арасы, ел іші, халық шығармалары. Сол халық шығармаларының сахна өнеріне етене жақын үлгілерін әдеби-эстетикалық көркем сипатқа жеткізіп келген орындаушыларды дала актерлері ретінде түсінеміз. Актерлік өнердің тууы мен қалыптасуына негіз болған ежелден қалыптасқан ұлттық ойын-сауықтар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр рәсімдері кезіндегі көріністер М. Әуезов айтқан ұлттық өнердегі дала (қыр) театры ұғымын байқатады. Зерттеушілер Ш. Құсайынов пен Ы. Дүйсенбаев та ауыз әдебиеті мен халық ойындарының рухани мәдениетіндегі дала театры болатындығын айтады: "Театры жоқ елдің театр орнына көретін сауығы – еңбек мерекелері мен өлгенге ас беру, қыз ұзату, бала сүндеттеу сияқты ойын-тойларының өзекті арқауы ән мен күй, драмалық театр элементіне жататын халық ойындары болғаны да даусыз" [5, 81]. Драматург-жазушы Қ. Мұхамеджанов "Қазақ драматургиясының даму жолдары" атты зерттеуінде халық шығармашылығы түрлерінде "театр-драмалық элементтері мол жатты" [6, 425], –дейді.

Фольклор – өнер атаулының қайнар көзі. Профессор Р.Нұрғалиев: "Қазақ драматургиясының барлық жанрларының негізгі

қайнар көзі, алтын арқауы, күре тамыры – ауыз әдебиеті, фольклордың сан-алуан нұсқалары", –дейді [7, 216].

Ойын-сауықтар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр рәсімдері кезінде орындалатын тұрмыс-салт, айтыс өлеңдерін, лирикалық дастандарды орындаушылардың шығармашылығында театр, актер өнері заңдылықтарына сәйкес элементтердің болуының, ғасырлар бойы қалыптасқаны, әрине, кейінгі дамудағы классикалық кәсіби актерлік дәстүрге эстетикалық іргетас болды. Зерттеуші Е. Жакыповтың пікірі де біздің ойымызбен үндес: "...бұл салт-ғұрыптар пьесаға деталь болып енгенімен сахнаға, режиссер ісіне ұтымды. Ол сонда көріктеніп, ажарын ашады. Ал, пьесаның нағыз негізі – фольклорлық кесек туындылар" [8, 29].

Қазақтың кәсіби актерлік өнерінің тууына, қалыптасуына негіз болған фольклорлық-этнографиялық ұлттық дәстүрдегі тұрмыс-салт ойын-сауықтар мен әдет-ғұрыптар, өлең-жырлар, шешендік қанатты сөздер, лирикалық және айтыс өлеңдері, жыршылық, бақсылық ойындарды орындаушылық тұрғысында арнайы қарастыру, халқымыздың ертеден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық халық өнерлеріндегі актерлік шеберліктің тегін тектеу, болмысын тану – мақаланың басты мақсаты.

Қазақ театрындағы актерлік өнердің дүниеге келіп, қалыптасуына ерекше ықпал етуші көне ауыз әдеби шығармашылығы мұраларында, халқымыздың актерлік өнерінің бастауы болған фольклорлық шығармалар. Олай болса, алдымен ұлттық өнеріміздің өзегі болатын қазақтың ескіден келе жатқан көне ауыз әдеби мұраларынан актерлік өнердің элементтерін іздестіруге болады.

Қазақтың мәдениеті тарихындағы кәсіби актерлік өнердің тууына, қалыптасуына негіз болған фольклорлық-этнографиялық ұлттық дәстүрдегі тұрмыс-салт ойын-сауықтары мен әдет-ғұрыптар, өлең-жырлар, шешендік қанатты сөздер, лирикалық және айтыс өлеңдер, жыршылық, бақсылық ойын. Бұлар жайында халқымыздың тұрмысы мен кәсіпшілігінен, рухани байлығынан, эстетикалық талғамынан мәлімет мол. Рас, ол кездегі алуан түрлі орындаушылық өнер түрлерін қазіргіше актерлік өнер деп атамағанымен, оған негіз боларлықтай актерлік өнер элементтерін молынан кездестіруімізге болады.

Қазақ фольклорындағы үйлену салтына байланысты ауыз әдебиеті мұраларына жататын "Жар-жар", "Беташар", "Қоштасу", "Сыңсу" өлеңдері актерлік ойынға икемделген, сахнада әрекет туғызатын орындаушылық өнер түрі. Бұған қатысатындардың әр

қайсысы өзіне ғана лайық міндетін рөл сияқты бұлжытпай, асқан шеберлікпен жоғары көркемдік деңгейде орындап отырған. Мұнда сахналық әрекетке, орындаушылық өнерге қажет көркемдік құбылыстарды, тіпті дайын мизансценаларды кездестіруге болады. Синкретистік өнерге лайық мазмұн – сипат мұнда мол, ұлттық музыкалық театрдың дайын үлгілері бар.

"Жар-жар" өлеңінің екі топқа бөлініп, яғни, қыз бен жігіт болып топтасып, алма-кезек айтысуынан сахналық сөз қатынасын, ішкі мағыналық тартысты, ой қозғалысын танытатынын, театр тілімен айтқанда мизансценаны аңғарамыз [9, 19]. "Жар-жар" өлеңінің құрылысында сахна туындысына тән ұзатылар қыздың трагедиялық мұны, жігіттер айтатын жұбатудың романтикалық-реалистік әуені араласа келе өлеңдегі драмалық, трагедиялық хал-ахуалды шынайы сахналық туындымен үндестіреді. М. Әуезов халық әдебиетіндегі осындай жанрлардың театр сахнасы үшін дайын шығармалар екендігін айтқан еді. "... ұзатылатын қыздың тойында еркек пен әйел қақ жарылып алып айтысатын "Жар-жар" мен "Беташар" бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да қалай болса солай қоюға болады" [10, 53]. Ұлы суреткердің өзі осы айтқан пікіріне орай атаған өлеңдерді өзінің пьесаларында үйлестіре пайдаланды. Оған "Қарагөз" пьесасында Асан сал мен Сырым бастаған топтардың айтқан "Жар-жары" мысал бола алады. Қарагөздегі "Жар-жар" сахнасындағы трагедиялық оқиғаның мұнды бояуын қалыңдатып, Мөржан тобының наразылығын араластыру арқылы тартысты ширықтыра, оқиғаны шиеленістіре түсуге дәнекер болады [11, 214-216].

"Сыңсу" өлеңінің мазмұны да актерлік өнер элементтеріне тән лирикалық мұнды, сахналық психологиялық ішкі көңіл-күй, сезім толғаныстарын байқатады. Өлеңнің ішкі мағыналық кеңістігінде ата-анасымен, ауылымен, туыс-жақындарымен, құрбы-құрдастарымен қимай қоштасуы, жат-жұртқа амалсыз кетіп бара жатқаны, қам көңілді іштей торығуы, егілуі сахнадағы кейіпкердің келбетіне келеді. Қыздың егілген қалпына қосыла елжіреген, кейбіреуінің қызды жұбатқан көңіл-күйі де актер ойынына ұқсас. Қыз жеңгелерінің қыздың оң жақтағы өткінші дәуренін қимай, ұзатылуды еріксіз мойындайтын мұнды әуен-сарын (аужар) айтуы – бәрі де актерлік іс- әрекеттерден айнымайтын ұлттық салт-дәстүрдің сахналық суретін танытады.

Актерлік өнердің халықтық тұрмыс-салт аясында қалыптасуының жарқын үлгісі – "Беташар" өлеңі. "Беташар" - әншілігі, домбыра

тартатын қабілеті жоғары ақындық өнер иесінің шығармашылық тұлғасымен көрермен-тыңдаушы халықтың алдында орындалатын тәлім-тәрбиелік насихат өлеңі. Өлеңнің композициялық құрылысында көпшілікті көңілді ететін әзіл-қалжың, юмор, ирония, сарказм бейнелеулері мол қолданылады. "Беташарды" айтушы ақынның, келіннің, тыңдаушы қауымның іс-әрекеттері, мінезделуі (келіннің ақ желек бүркенуі, жұртқа тағзым етуі, тыңдаушылардың ду-ду әңгімемен, күлкімен қабылдауы, өлеңнің сюжеттік- композициялық құрылыммен белгілі әуенмен орындалуы және т.б.) – бәрі де актерлер қатысатын сахналық қойылымның психологиялық шығармашылық қалпын көрсетеді. Яғни, "Беташардағы" келін оның ата-енесі, ауыл ақсақалдары, қайнағалары мен қайнылары, қайын сіңлілері – бәрі де сахнадағы актерлердей өзара қарым-қатынастар желісінде танылады. Ал "Беташар" айтушының осы тойдың негізгі жүргізушісі, жетекшісі тұлғасында болуы сахналық қойылымның режиссері секілді көрінеді. Орындаушының суырыпсалма ақындығы, әуез аспабын меңгерген өнерпаздығы, ауыл адамдарының мінез-құлқын, келіннің білуі тиісті өнеге ұлағатын жетік білетін психолог екендігі, өлеңді жырлау үстіндегі дене қимылдары мен бет-әлпет құбылыстары оның актерлік өнер элементтерін жинақтаған шеберлік тұлғасын аңғартады.

"Сыңсу" жырын айтушы арудың ішкі психологиялық көңіл-күй құбылыстарын білдіретін сәттер, "Беташарды" орындаушы ақынның өлең жолдарын алуан түрлі әуезге салып құбылта, күлдіре көпшілік назарын өзіне аударып әр қилы әрекеттер жасауы, актердің сахнада берілген жағдайға байланысты өтетін тірлік-тіршілігі. Қазақ фольклорындағы үйлену салты өлеңдері – М.Әуезовтің пікірінше көшпенділер мәдениетіндегі актерлік өнер элементтерін жинақтаған шығармалар.

Қазақ фольклорындағы жерлеу ғұрыптарына қатысты "Қоштасу", "Естірту", "Жоқтау", "Көңіл айту" мұң-шер өлеңдері – сахналық қойылымдарға жақын актерлік өнер элементтерін танытатын шығармалар. Бұл өлеңдер – актерлік өнердегі монолог қызметімен ұқсас, тектес сахналық-поэтикалық туындылар. Бұлардың актерлік өнерге, сахналық қойылымға жақын қасиеттерінің бірі – оның белгілі бір жағдайға, белгілі бір оқиғаға байланысты айтылып отыруында болып табылады. Міне, осы жағынан біздің сахналық өнерімізге, актерлік ойынымызға жақындығын байқасақ, екінші жағынан, оның суырыпсалмалық қалыпта, яғни, қолма-қол, не күні бұрын шығару

тәсілінің өзінен орындаушылық өнер түрін көреміз. Ал өлеңнің "Қоштасу" түрінің М.Әуезов мынадай ерекшелігін ажыратып, атап өткен: "Жалпы қоштасу түрінде айтылғанмен, бұл жырлардың мазмұны, сыр-сипаты әралуан болып келеді. Мәселен, өмірмен қоштасу, туған жермен қоштасу, ғашық жарлардың айырылысуы, жақын достан, жүйрік аттан, қыран құстан айырылу, тағы басқалар" [12, 3]. Ажал келіп, өлім сағаты соғар алдында қарт ата, аяулы ана балаларымен бақұлдасып, артына өсиет қалдырады, өмірді қимаған зарын, жетпей кеткен мұратын, ащы арманын айтады.

"Қоштасудың" мол тараған бір тақырыбы елі-жұртымен, туған жерімен қоштасуға байланысты туған нағыз халықтық тақырып. Ауылы ауа көшіп бара жатқанда мұндай өлеңді ақындар шығарған. Кейде сол ауылдың қыз-бозбаласы шығарып, соңына дүйім ел, тұтас ру айтатын болған" [13, 3]. М.Әуезов аузымен аталып отырған "қоштасулар" бойынан біздің актерлік өнерімізге тиелесі, сахна өнеріне қатысты, адам психикасын толғантатын, ішкі көңіл-күйді қозғайтын, бейнелеуге жақын көптеген элементтер түрлерін көреміз. Мұнда сонымен қатар, автор көрсеткендей "қоштасу" сәттерінің бір түрі, ол адамның өмірімен "қоштасуы" өте ауыр, трагедиялық хал. Осы сәтті актерлік орындау түріне алсақ, онда біз өмірмен "қоштасушы" ананың не атаның өтіп жатқан оқиғаға байланысты ішкі психологиялық иірімдерін, адам жан дүниесіндегі толқуларды, ішкі әрекет арқылы туындайтын сезім дүниесін, қасындағылармен өтетін қарым-қатынасын және оның сол сәттегі ағайын-туған, балаларына арналған өсиет ретінде айтылар монологтарына куә болған болар едік. Монологты айтушы үнінің біртіндеп әлсірей бастағандығын, оның көз алдынан өткен өмір суреттерінің біртіндеп баяу өтіп жатқанын ол іштей көріп не сезген күй кешер еді. Әрине бұл көріністер бірнеше адамның қатысуымен өтетін көпшілік сахнасына айналған болар еді. Ал мұны сахналық тілге айналдырсақ, К. С. Станиславскийдің "Орта зейін шеңбері" элементін еске түсірген болар едік. "Орта зейін шеңбері – ауқымды әрекет желісіне қазықталған. Ол кіші зейін шеңберіне қарағанда кең кеңістік тілейді. Бұл екі-үш немесе төрт-бес адамдық шағын көріністерді қамтып ойнауға қолайлы. Творчестволық ауа райы, шет-шегарасы, кеңістік пен ара-қатынастар да соған ыңғайланған" [14, 4]. Одан кейінгі "туған жермен қоштасу" кезін актерлік ойын өрнегіне айналдырсақ, "қоштасушы" кейіпкердің сахна төрінде елін, жерін қимай ішкі дүниесі астан-кестен күйге түсіп, қатты психологиялық күй кешу сәттерінен туындаған сыртқы физикалық

әрекет түрін көрген болар едік. Бұл көріністе орындаушы актердің сөзбен де, сөзсіз де іс-әрекет арқылы "қоштасу" түрін атқаруына болатынын байқауға болады. Мысалға, М.Әуезовтің "Еңлік-Кебегіндегі" Еңліктің қоштасу өлеңінен [15, 246] халық эстетикасы мен кәсіби актерлік шығармашылықтың, көркемдік шешіммен үйлесім тапқанын көреміз. Әнмен айтылатын монолог рухындағы "Елім-ай" сынды өлеңдері [16, 388] сахнада актермен көпшілік топ қосылып айтатын халықтық трагедия түрінде болады. Туған елмен қоштасу түрінде болып келетін осындай өлеңдер "Қозы Көрпеш-Баян сұлу", "Еңлік-Кебек", "Қыз Жібек" дастандарында да кездеседі. Бұлардан адамның сағыну, қоштасу, алыстағыны іздеу, оған құмарту сияқты сәттерін байқасақ, соған байланысты ғажап актерлік ойын өрнектерінің әр түрлі сезім түрлеріне құрылған, ішкі толғаныстардан туындаған актер жан дүниесінің өзгеше бір ойын ерекшелігі көрінеді. "Қоштасу" өлеңінің айтылу, орындалу түрінің өзі ұлттық салт-дәстүрімізге құрылған, актердің сахнадағы ойын-өрнегінің аса бір көрнекті тұсын көрсетеді. Сондай-ақ қоштасу түрлерін орындаушы адамдардың актер тәріздес мизансценалық тәсілді пайдалануы, оларды нақты бір музыкалық аспаптың сүйемелдеуі, күйзеліске түсуі актердің сахналық элементтерді пайдалану сәттерін көз алдына келтіреді. Егер біз осы "Қоштасу" сахнасының белгілі бір көрінісін нақты бір ойын өрнегі деп алсақ, онда сахнадан белгілі бір мұңлы музыкаға бағындырылған топтық не жеке мизансценаларға құрылған шағын сахналық көрініске куә болған болар едік. Сонымен бірге орындаушы әрбір өлең жырларын кейіпкер монологы үлгісіндегі сөйлеу тәсілдерін пайдаланып, тебірене қоштасқан. Автор атап айтқандай, "қоштасу" өлеңдерінің түрлері көп. Олардың барлығынан да сан алуан сахналық элементтер мен актерлік орындауға ыңғайлы өлеңдерді айқын аңғаруға болады. Халықтық жыр-дастандар қаһармандарының нағыз драмалық өмірін бейнелейтін дайын сюжет, дайын пьеса болса, актерлер үшін тұрмыс-салттық бейнелеу тәсілдерін қолданған шеберлік мектебі болды.

Жоғарыдағы тәріздес актерлік өнерімізге негіз боларлық, сахнада орындауға дайын салт-дәстүріміздің бірі – "естірту" өлеңі. Осы өлеңнің өзегінде актерлік шеберлікті шыңдайтын, оған жем боларлық сөз ерекшеліктері, оның астары, түсінігі, ішкі икемі, ишараты, бірдеңені меңзеуі, мизансценалық орын т.б. көптеген сипаттары – актерлік өнер түріне келеді. Мәселен, естірту, көңіл айту өлеңі – қазақтың сонау ерте

замандағы салты бойынша қайтыс болған кісіні от басы ошақ-қасы мүшелеріне, жақын - жұрағаттарына естіртуші адам өзінің айтайын деген сөзін, естірткелі отырған оқиғасын тұспалдап, жұмбақтап, ишаратпен, өлеңмен, күймен, кейде әртүрлі салыстырулармен хабарлап жеткізуге тырысқан. Мысалы, Өз-Жәнібек ханның Жиреншеге айтқан естіртуінде осындай бейнелі сахналық қойылымда болатын сипат бар. Естіртуші – қайтыс болған кісінің үйіндегі адамдардың психологиялық хал-ахуалын өзінің сезімімен ұштастыра отырып жеткізеді. Сөзінің астарлы мағыналарымен мегзей жеткізуде қайғырушының кейпіне актердей ене, сендіре, жұбата толғайды. Өнер тарихында ауыр қазаны күй тілімен («Ақсақ Құлан, Жошы хан» күйі), тақпақпен естірту, көңіл айту, жұбату да болған [17,189]. Осы естірту, көңіл айту, жұбату өлеңдерінің табиғатын сахна, актер өнері тұрғысынан бағаласақ, пьесадағы осындай монологтардың күдіреті тек қана сөздің мағыналық астарларымен айқындалады. Мысалы, Ш.Айтматов шығармасының негізінде қойылған "Ана - Жер Анада" Сыбанқұлдың ұрыс майданында шейіт болғанын хабарлаған қаралы қағаздың келгенін Толғанайға естірту сахнасы мұңлы музыканың сүйемелдеуімен қара көлеңке сахнада өтуі – оның трагедиялық мазмұнын тереңдетіп, орындаушы аузынан шыққан сөз қаралы құбылысты мүлде қоюлатып жіберген.

Сонымен қорыта айтарымыз, "естірту", "көңіл айту" салты актерлік, сахналық өнерімізге етене жақын, орындауға қолайлы, белгілі бір мизансценалық формасы бар құрылым.

Актерлік өнер дәстүріне нәр берген шығармалардың бірі – "жоқтау" өлеңдері. Бұл өлеңдерде өтіп кеткен жастық шақ, қимас қыран бүркіт, тұлпар, дүниеден өткен ата-ана, мезгілсіз өлген қыршын жас, ел қорғаған батырлар, хандар, халық мақтанышы би-шешендер, ақындар жоқталады. Жоқтауларды да актерлік өнер элементтері мол шерлі-зарлы толғаныстармен, сөз бен әуез қосылған қалпымен орындайды. Жоқтау айтушылар жоқтау әнін айтқанда актер тәріздес өзінің үн құбылыстары, сырт қимыл-қозғалысы арқылы көпшілікке психологиялық әсер ете білген, яғни ол өлген адамның ерекше қасиеттерін айта отырып өзінің ішкі көңіл-күйін өзгерткен. Жоқтаулардағы драмалық, трагедиялық көңіл-күй әуендері сахна, актер дәстүріне өзек бола алатын стилімен ерекшеленеді.

Актерлік өнерді халық әдебиетінің қойнауында қалыптасқан ақындардың айтыс өлеңдерінен де көреміз. Профессор С. Қасқабасов "Қазақтың әдет-ғұрыптары мен ойындарындағы театрлық

элементтер" деген еңбегінде айтыстардың сахналық қойылымға тән ерекшеліктерін танытатын ақындар шығармашылығындағы бірнеше өнердің тұтастана жүретін сипатын (ырғақтық қозғалыста, мимика, мәнерлілік, дауыстың құбылуы, ән әуендері, сәнді киім, әуез аспабы домбырада шебер ойнау және ең негізгісі суырыпсалмалық) атап көрсетеді [18, 128-129]. Айтыс өлеңдеріндегі актерлік өнерге тән мынандай ерекшеліктерді саралап айта аламыз: біріншісі – суырыпсалма орындаушылық кезіндегі бірнеше өнердің тұтастана (синкретизм) қолданылатыны актер өнеріндегі сөз, қимыл-қозғалыс, психологиялық толғаныстармен үндес болатыны; екіншісі – қарсылас ақындардың сөз сайыстарындағы көңіл-күй сипаты құбылыстарының классикалық драмалардағы актерлердің диалогтары мен монологтарымен тектестігі. Мұнда екі ақынның сөз қақтығысы сахналық туындыға арқау болған кейіпкер мәнерінің қарама-қайшылықты тартысын байқатады. Мысалы, Сүйінбай ақын мен Тезек төре айтысындағы сөз жарысы, пікір таласы – сахнаға лайықты драмалық диалогтар. Шиеленіскен тартыс, астарлы сөзбен айтылған қақтығыс, екі кейіпкер-ақынның өзара аңдысқан ішкі-сыртқы мінез-құлық құбылыстарының шарпысуы, кейіпкер-ақындардың отырған орындары, қимыл-қозғалыстары, тыңдаушы қауымының да ынталы ықыласы - бәрі де актерлік өнерге тән шығармашылық хал-ахуалға тән сипаттар [19, 294-295]. Демек, айтыстағы драмалық тартыс өткірлігі, сөз саптау-қазақ топырағындағы кәсіби актерлікке негіз болған сапалық белгілердің бірі.

М. Әуезов айтысушы ақындардың өнерпаздық шеберлігімен тыңдаушыларды еліктіретінін, олардың сөзбен бір-біріне шабуыл жасауының сахналық өнер дәстүріне бағдар болғанын айтады. "Анығында, ақындар айтысының негізінде, өзгеше жанрлық бітім мазмұнында, қолдану дәстүрінде, қазақтың халықтық театрлық өнерінің мол белгілері бар. Халық театрының анық дәл ұрығы бар деуге болады" [20, 421]. Осындай пікіріне орай ұлы драматург "Еңлік-Кебек", "Қарагөз" пьесаларында тұрмыс-салт өлеңдерінің үлгілерін, "Айман-Шолпан" пьесасында екі ақын Жантық пен Балпық бейнелерін де айтыс өлеңдеріне тән өнер синтезі сипатымен береді [21, 204-205]. Демек, ақындардың айтыс өлеңдері драмалық-сахналық қойылымдардың эстетикалық-поэтикалық өнер үлгілері, актерлік шеберліктің ұлт өнеріндегі алғашқы қалыптасу мектебі.

Актерлік өнер эпостық дастандарды орындаушы жыршылық дәстүрден де бастау алады. Жыршылар – актерлік өнердің сан алуан

белгілерін жинақтаған күрделі тұлғалар. Дастанды жырлаушы жыршының бойынан сахнадағы актер ойынымен бара бар мынандай ерекшеліктерді саралап айта аламыз: біріншісі – дастандағы кейіпкерлердің мінездерін, оқиғалардың суреттерін айқын елестетуі, екіншісі – дастан оқиғалары мен тыңдаушылар арасындағы мықты шығармашылық байланысты орнатуы.

Дастандағы кейіпкерлердің мінездерін, оқиғалардың суреттерін дәл елестете бейнелеуде жыршы нағыз актерлік дарындылық, әмбебаптық деңгейде танылады. Әр кейіпкердің жылайтын, күлетін, мұңданатын дауыс мәнерін, домбыра, қобыз үні арқылы шапқан аттың дүбірін, жыр өлшеміне сай ырғақтарды, әуендерді шынайы бояуларымен жеткізу арқылы жыршы тыңдаушыларын сюжет кезеңдерімен бірге қуантады, күлдіреді, ойлантады, қайғыртады, жылатады. Өнер иесінің дастанды орындау үстінде сол туындының кейіпкерлерінің жан дүниесімен бірге күйзеле, психологиялық өзгеше күйді бастан кешуі (сахна тілімен айтқанда кейіпке енуі) бұл актерлік шеберлікке тән сипатын дәлелдейді. Яғни, жыршы бұл арада әрі режиссері, әрі орындаушы актер тұлғалығымен де көрінеді. Әрине, бұл айтылғандардың барлығы эпостың дастандардағы поэтикалық әсерлігі аса ықпалды сөз қуатының арқасында жүзеге асады. М. Байсеркенов "Сахна және актер" атты кітабында "Сондықтан да сөз, сөз болғанда қарсылық пен қақтығысқа, құрылған әрекет қуаты күшті сөз «Станиславский жүйесінің» заңдылық негізіне жатады" [22, 248], – дейді. Жырды орындаушы дауысындағы ырғақтармен, бет-әлпетіндегі мимикалық құбылыстармен, жағымды мақамдар мен әуез аспабының қосынды әуендерімен тыңдаушылар жүректерін жаулап, адамдардың жан дүниесін өзіне бағындырып алады. Сөз бен сөз құдіреті жан дүниелерін баураған тыңдаушылар да, жыршының өзі де, шабытты күйдің біртұтас әлеміне кіреді, біртіндеп ажырағысы келмейтін жағдай орнайды. Орындаушының жыр айту процесіндегі мың құбылған кескін-келбетін шабыттана иілген сахнадағы актердің кейпімен салыстыруға болады. Синтетикалық өнер ерекшеліктерін меңгерген жыраудың кейбір оқыс шыққан дауыс үндері мен қызу қимыл-қозғалысы, бетіндегі мимикалық өзгерістер тыңдаушысын еліктіріп, оларды әлгі тұстарда әр түрлі әсерге бөлеуі – актерлік ойынға тән қасиет. Жыршы бойында композиторлық, суырыпсалма өнер қатар өрбіп бүгінгі сахналық әрекетке негізделген өнермен іштей тұтасып жатыр. Олардың шығармашылық тұрқынан, өнерінен бүгінгі актер

өнеріне тән қасиеттер іздеуіміз осыдан. Осының бәрін жинақтап айтқанда, жалғыз актердің сахна төріндегі өнер туғызу сәттері көз алдына еріксіз елестейді.

Актерлік өнер жолына бақсылық дәстүр де үндеседі. Бақсылардың пластикалық күрделі қимыл-қозғалыстар жасайтыны, қобызды сарнатуы мен өзінің де жыр толғауы, билеуі, дауысын құбылтуы және т.б. психологиялық жай-күйі актерлік өнерге негіз болған сипаттар. Бақсы ойынының зікірін тыңдауға жиналғандар да театрға келгендей әсер алады. Сондықтан да ұлттық театрымыздың алғашқы қойылымындағы кейіпкерлер арасында бақсы бейнесі жиі кездеседі. Әрине бақсы бейнесін сахнада сомдау үшін әуез бен биге, пластикалық қозғалыстарға, оқыс әрекеттерге бейім дарынды актерлер ғана таңдап алынған. Мысалы, Е. Өмірзақовтың "Еңлік-Кебектегі" Нысан – Абыз рөлін орындауы – қайталанбас шеберлік үлгісі. Пьесадағы бақсы рөлін ойнауда өнер дәстүрінің үндес құрылымы астаса өріледі. Атап айтқанда, бақсының аруақ шақыру кезіндегі көздерінің қып-қызыл от шашуы, сол кезде иттің ырылдағанын, үргенін, қозының маңырағанын, шошқаның қорсылын да естірткені, жын шақыруы, солармен арпалысқа түскендей күй кешуі – бәрі де актердің әмбебап өнерін әйгілейді. Актер бойындағы жан мен тәннің, әрекет пен сезімнің тоғысуы бақсылық ойын дәстүрімен толық ұштасқандай шабытпен орындалады. Демек, бақсылықтың актерлік өнер тұтастығымен кейінгі кәсіби актерлік өнерге шығармашылық арна болғанын айтамыз. М.Әуезовте осы тұтастыққа ғылыми баға береді: "Артист жыны келген бақсы есепті. Ақынша жүрек күйінен құбылып, бақсыша пішіні суып, шұғыл құбылыстарға тез ойнақтап ауысып отыруы шарт. Осы күйлерді әрбір артист өзіне ғана хас болған ерекшелікпен шығару керек. Сонда ол ешкімге ұқсамайды да, оған ешкім ұқсай алмайтын болады. Бұл өзгешелік оның туыстан ала келген өзгешелігі сияқты – өнерінің өзгешелігі. Осы шартқа үйлесуге шамасы жеткен артист болса, ол шын өнер иесі де, түр тапқан, қалыптанған артист болмақшы" [23,47].

Бақсылық өнер – қазақ халқының актерлік дәстүрінің қайнар көздерінің бірі. Бақсының шығармашылық тұлғасындағы қимыл-әрекеттің серпінді суырыпсалмалығы, түйсіну, сезіну, елестету, болжау қабілетінің тереңдігі, психологиялық ықпалмен сауықтыратын емшілігі, көңіл-күйді әуенмен, әртүрлі ғажайып әрекеттерімен баурайтын арбаушылығы, сыйқыршылығы жын шақыру сәтіндегі дикциялық-психофизика құбылыстары – көрермендерін, тыңдаушыларын толық сеніммен ұйытатын қасиеттер. Профессор

Б. Абылқасымов бақсы ойынының "сахналық шығарма немесе қойылым ретінде белгілі бір заңдылықтарға бағына отырып өрбитін сюжеттік желісі мен композициясы болатынын" айтады [24, 123].

Қорыта айтқанда, "Бақсы ойыны" – сахналық элементтерді (ишарат, қалып, мизансценалық іс-әрекеттер, қимыл-қозғалыс еркіндігі, болжау мен елестету және т.б.) жинақталған қазіргі актер шеберлігіне өнеге болатын, халық мәдениетінің озық үлгісі.

Сахнадағы актердің қимыл-қозғалысы кейіпкерлердің ішкі және сыртқы пішіндері, іс-әрекеттері, сөз астарлары арқылы жүзеге асырылады. Бұл орайда, актерлікке негіз болған, халықтың рухани мәдениетіндегі ерекше тұлғалар "қулар" атымен белгілі өнерпаздарды ерекше атаймыз. Бұлар-нағыз дала театрының актерлері Алдар Көсе, Жиренше, Айдарбек, Торсықбай, Қантай-Тонтайлар. Мысалы, Алдар Көсенің Шықбермес Шығайбайға байланысты оқиғалардағы ақылдылығы, жүйрік қиялынан туған оқыс тапқырлығы суырыпсалмалық қасиетін танытатын халықтық актерлік өнердің тағы бір сипат белгісі. Қазақтың ұлттық театрындағы классикалық актерлік өнердің негізін қалаған Қ. Қуанышбаев, Е. Өмірзақов, С.Қожамқұловтар Торсықбай, Айдарбек тұлғаларын фольклордағы дәстүрлі бейнелеулер арқылы сомдады. Торсықбайлардың кебін оранып көрден шығуы, сараң байлар мен алдамшы молдаларды қулықпен көрге түсіруі, мал айдаған саудагерге өз қойын өзіне сойып беріп бата алуы, уезд нашандігіне саумал беріп ішін өткізуі, Айдарбек қудың Жаныспай болысты қырық күн мылқауға айналдыруы, Тынды деген ірі байға өз қызын сабатуы, тірі Қашқынбектің жаназасына елді жинауы – бәрі де актерлік өнерге арқау болған сатиралық бейнелеулер. Фольклордағы осындай бейнелеу тәсілдері үнсіз орындалатын пластикалық қимылдарды, бет-әлпетті құбылтатын мимикалық қозғалыстарды актерлер мысқыл-әжуаның, сықақтың көркемдік ықпалы үшін қолданады. Мысалы, "Алдар Көсе" комедиясындағы мешкей Шораяқтың тамақ жеу сәтін (табаққа қол салуы, қомағайлана асауы, ұртын томпайта шайнауы, саусақтарын жалауы, жан-жағына ала көзімен қарауы т.б.) бейнелеу Қ.Қуанышбаевтың актерлік шеберлігін танытатын көркемдік ерекшелік.

Ұлттық актерлік өнердің негізгі бастау көздерінің бірі – шешендік сөздер. Шешендік сөздердің жүйелі кестелерін құрайтын тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, нақылдар, ақ өлең өрнектері қазақ ауылдарының көркем сөйлеу өнегесін үлгі тұтатын дәстүрін қалыптастырған. Ұлттық театрдың негізін қалаған алғашқы актерлеріміз шетінен шешендік көркем сөз кестелерін бойларына сіңіре қалыптасқан сөйлеу өнерінің үздіктері еді. Шешендік мәнермен

сөйлеудегі әрбір сөздің, диалогтың дыбыстық, ырғақтық әуезділігін, ішкі мағынасы мен сыртқы әсер тұтастығын қауым алдында эстетикалық талғам, таным деңгейінде жеткізу шынайы актерлік өнер нышандары бар ерекшелік. Сөз өнерінің мағыналық тереңдіктерін ауызша айту арқылы жеткізу - актердің дарындылығы мен шеберлікке шыңдалу тұтастығынан танылған қасиет. Актерлік өнер элементтерінің халықтық дәстүрі шешендік өнерден де бастау алған. Яғни, актерлік өнерді айқындайтын орындаушылық шеберлік бастаулары би-шешендердің шығармашылығында қалыптасқан. Қазақ театры сахнасында "Еңлік-Кебек", "Абай" және т.б. пьесалардағы кейіпкерлердің сомдалуында актерлер шешендік өнердегі сөздің ішкі астарлы тереңдіктеріне өзара алма-кезек айтысы үлгісіндегі монолог, диалогтардың психологиялық ықпалына айрықша мән береді. Билік айту үстінде дәстүрге сүйену, беделді арқа тұту барысында би-шешендердің қорқыту, шошыту, салмақ тастау, сескендіру, дүдәмал қалдыру, үміттендіру, алаңдату, емеурін білдіру, ишарат ету, есін алу т.б. психологиялық ықпал жасаудың амалдары қазақ сахнасындағы кәсіби актерлік үшін шеберлік мектебі бола білді. Қазақтың би-шешендерінің айтысу сәтіндегі сахналық зейінді құрайтын көру, есту, қарау, тыңдау, сезу, бағалау, түсіну, зейін тұрақтылығы және т.б. элементтер – қазіргі актерлік өнердің көркемдік-эстетикалық түп негіздерінің бірі.

Актерлік өнердің дамуына үлгі болған би-шешендер сөздері шешендік арнау, шешендік дау, шешендік толғау [25, 95] түрлерінде болады. Мысалы: Жиренше, Алдар көсе, Балаби, Сырым, Досбол және т.б. би-шешендер сөздері – оқиғалық шағын әңгімелерден нақты сюжет, сахналық этюд түріндегі икемді көріністерді танимыз. Мысалы, "Досбол бидің батасы", "Асау би Есентемір Бөлен би сыны", "Сырымның екі жеңілуі", "Төле, Қазбек, Әйтеке билердің дауды шешуі" атты шешендік арнау, шешендік дау түрлеріндегі оқиғалы диалогтардан [26, 93] нақты сюжет, сахналық этюд түріндегі қойылым сипаттарын аңғаруға болады.

Қорыта келгенде, көшпелі қазақтың тұрмыс-салтында, әдет-ғұрыпында актерлік өнер дәстүрінің негіздері болғандығын айта аламыз. Қазіргі кәсіби сахна және актер өнерінің негізі халықтың фольклорлық-этнографиялық мұралары. Актер өнерінің дәстүр жалғастығы заңдылығымен жаңа түр мен мазмұнды иеленуі де дамудың табиғи құбылысы.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. *Ақ жол*. – Алматы, "Жазушы", 1991. 547 б.
2. Әуезов М. *Уақыт және әдебиет*. Алматы, Қазмемкөрәдеббас, 1962.
3. Станиславский К. С. *Менің искусстводағы өмірім*. Алматы, Қазмемкөрәдеббас, 1954. – 642 б.
4. Каскабасов С. *Родники искусства: фольклористические этюды*. Алма-Ата, Өнер, 1968.
5. Хұсайынов Ш., Дүйсенбаев Ы. *Қазақтың ауыз әдебиеті және халық ойындарындағы театр-драмалық элементтер*. //Хұсайынов Ш. *Өнер өрімдері: Мақалалар, әңгімелер. Пьесалар, киноповестер, аударма*, Алматы, 1991.
6. Мұхамеджанов Қ. *Таңдамалы: Пьесалар. Әдеби сценарилер. Өнер жайлы ойлар*, Алматы, "Жазушы", 1989. - 425 б.
7. Нұрғалиев Р. *Арқау*, Екі томдық шығармалар, 1-т. Алматы, Жазушы", 1991. 216 б.
8. Жақыпов Е. *Дастаннан драмаға*. - Алматы, "Ғылым", 1979. 29-б.
9. *Қазақ халық әдебиеті*, Көп томдық. Айтыс. 1-том, Алматы, "Жазушы", 1988. 19-б.
10. Әуезов М. *Шығармалар*. 11-том. Алматы, "Жазушы", 1969. 53- б.
11. Әуезов М. *Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар*. 1921-1929, 3-том, Алматы, "Ғылым", 1998. 214-216- б.
12. Қасқабасов С. А. *Родники искусства: фольклористические этюды*, Алма-Ата, "Өнер", 1968.
13. Шанин Ж. *Арқалық батыр. Пьесалар мен мақалалар*. /Құраст. Р.Нұрғалиев. Алматы, "Өнер", 1998.
14. Әуезов М. *Шығармалар*, 11-том, Алматы, "Жазушы", 1969.
15. Әуезов М. *Мақалалар, пьесалар*, 1917-1920, 1-том, Алматы, "Ғылым", 1997. - б 246.
16. Тәжібаев Ә. *Бес томдық шығармалар жинағы*, 4-том, Ғылыми еңбектер, Алматы, "Жазушы", 1981. 388- б.
17. Қалиев С., Оразаев М. *Қазақ халқының салт-дәстүрлері*, Алматы, "Рауан", 1994.- б 189.
18. Қасқабасов С. *Театральные элементы в казахских обрядах и играх*. /Отв. ред. Кайдалова О. Н., М.: "Наука", 1986. - б 128-129.
19. *Қазақ халық әдебиеті*. Көп томдық. Айтыс. 2-том, Алматы, "Жазушы", 1988. - 294-295 б.
20. Әуезов М. *Шығармалар*. 11-том. Алматы, "Жазушы", 1969. - б 421.
21. Әуезов М. *Әңгімелер мен пьесалар*, 5-том, Алматы, "Көркемәдебиет", 1956.
22. Байсеркенов М. *Сахна және актер*, Алматы, "Ана тілі", 1993. - б 248.
23. Әуезов М. *Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар* 1921-1929, 3-том, Алматы, "Ғылым", 1998. .
24. Абылқасымов Б. *Телқоңыр* (Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрып фольклоры). 123 б.
25. Адамбаев Б. *Шешендік сөздер*, Алматы, "Мектеп", 1967.
26. Адамбаев Б. *Халық даналығы*, Алматы, "Рауан", 1996.